

# Отчет

## о проведенных консультациях на тему «Инновационная технология выращивания семян сахарной свеклы» по направлению «Овощные культуры ( в открытом закрытом грунте ) ,картофель, сахарная свекла»

Даты проведения:  
«26» октября 2023 года

Место проведения консультации: Жетысуской область, Коксуский район , с. Алгабас

Эксперт:  Мусагоджаев Н.Т.  
(подпись)

И.О.Председатель Правления  
ТОО «КазНИИземледелия  
и растениеводства»  Хидиров А.Э.  
подпись, М.П.

*Мониторинг субъектов отрасли АПК по направлению «Сахарная свекла»*

**КХ «Бекарыс.» Жетысуйской область, Коксуский район , с. Алгабас**

**Контактные данные:** моб.тел. 87478136346

**Руководитель:** Абдукапова. Н.У.

**Вид деятельности:** растениеводство, животноводство

*Растениеводство:* Производство сахарной свеклы 150 тонн,

Ячмень 30 тонн, кормовые: 40 тонн.

Посевных площадей всего: 16 га, в том числе на поливе 10 га.

Сахарная свекла 5 га, ячмень 10 га., кормовые 1 га.

*Поголовье скота:*

- КРС – алатауская порода 5 голов,

- Лошади - 3 голов.

- МРС – 30 голов.

**Мощность предприятия:** товарной продукции сахарной свеклы 150. тонн, ячмень 30 тонн, мясо в убойном весе 1,0 тонна. Валовой продукции всего 17 млн. тенге. Выручка от реализации продукции 10млн. тенге.

**Руководитель:** Абдукапова. Н.У. **Сұрақ:** Көшетсіз аналық қызылшаның қысқа кетердегі жиілігі қандай болу керек?

**Жауап:** 1 метрде 10-нан 25-ке дейін болғаны дұрыс. Егер 1 метрдегі өсімдіктер саны 5-ке дейін болған жағдайда тамыржемістердің салмағы көбееді, ірі клеткалық құрылымды, құрғақ зат мөлшері де азаятындығы байқалды, ал 30-ке дейін болғанда тамыржемістер ұсақтап кетті. Нәтижесінде бұлар қысқа шыдамсыз болып шықты.

1 метрде 10-25 дана өсімдіктер жиілігінде қалыптасқан массасы 7-25г тамыржемістер құрғақ зат мөлшерінің артықшылығымен, ұсақ клеткалық құрылымымен және мейілінше аз ылғалданғандығымен ерекшеленіп қыстан аман шығатындығы анықталды.

Қант қызылшасының тұқым шаруашылығындағы қиындықтардың бірі- аналық қызылшаны себу алаңының бірлігінен отырғызылатын тамыржемістерінің жеткіліксіз шығымы. Тамыржемістерді отырғызу коэффициентін арттыру мәселесі бірнеше жыл бұрынан бері пайда болып

келеді, әсіресе тұқым өндірудің технологиялық процестерін механикаландыруға байланысты (аналық қызылшаны отырғызу тығыздығы және күзгі-қысқы кезеңде аналық тамыржемістердің сақталуының төмендіді). Аналық қызылшаны отырғызудың тығыздығы себу мерзіміне, қатар аралықтарының еніне және көшеттерді сирету әдістеріне байланысты.

Біздің елімізде аналық қызылшаның қатарларының ені әрдайым өндіріске қабылданған қатарларының еніне сәйкес келді, өйткені егу, дақылдарды күту жұмыстары және тамыржемістерді жинау кезінде бірдей құрал-жабдықтар мен машиналар қолданылады.

Өндіріс жағдайында, тіпті ең жақсы тұқым өсіретін кеңшарда да, 100—120 мың/га мөлшерінде екпелердің тығыздығын механикаландырылған қалыптастыру кезінде 75—85 мың өсімдік егін жинау уақытына дейін сақталады, отырғызылатын тамыр дақылдарының өнімділігі 52-60 мың/га құрайды, алайда көптеген шаруашылықтарда егін жинау кезеңіне екпелердің тығыздығы едәуір аз, ал аналық тамыр дақылдарының шығу коэффициенті 1,5-2,0. Сонымен қатар, сақтағаннан кейін отырғызу материалының көп бөлігі ысырап болаған. 1 га-дан алынған аналық қызылшаны отырғызу нәтижесінде тамыржемістер отырғызуға шамамен 1,5 га ғана жеткілікті болды.


Осыған байланысты тамыр дақылдарын отырғызу мөлшеріне қойылатын талаптарды қайта қарау және аналық қызылшаны отырғызу тығыздығын арттыру туралы мәселе туындады.

Отандық будандардың пайдалануға рұқсат етілген жоғары репродукциялы тұқымдардың көбейту коэффициентін жеделдету және арттыру мақсатында ұсақ аналық тамыржемістерді, яғни штеклингтерді алу үшін аналық қызылшаны себудің жазғы қоюландырылған тәсілі зерттелді. Жаңа жиналған тұқымдармен себу гүлдену, пісу және егін жинау кезеңдерін қысқартуға мүмкіндік береді, ал тамыз айында себілген жаңа жиналған тұқымдар қант қызылшасы будандарының жоғары репродукцияларының тұқымын көбейту процесін едәуір қысқартады.

Бұл технологияның негізгі элементтері: шілде айының III онкүндігінде себу нормасы 1 гектарға кемінде 300 мың өсімдік алуға мүмкіндік береді, оларды 1 гектарға 35-40 мың дана есебінен сәуір айында қазып, көшіріп отырғызу. Бұл ретте отырғызылатын тамыржемістердің шығу коэффициенті 1:5-8 құрайды. Әдістің ерекшелігі - егін жинау мен егіс алқабының жоғары арақатынасы (5-8) және қызылша тұқымының көбею коэффициентінің күрт өсуі. *Эксперттің ұсынысы:* Жалпы қант қызылшасының қысқа кетердегі жиілігі 1 метрде 10-нан 25-ке дейін болғаны дұрыс. Егер 1 метрдегі өсімдіктер саны 5-ке дейін болған жағдайда тамыржемістердің салмағы көбееді, ірі клеткалық құрылымды, құрғақ зат мөлшері де азаятындығы байқалды, ал 30-ке дейін болғанда тамыржемістер ұсақтап кетті. Сондықтан

жиілікті 10-нан 25-ке дейін аралығында болғанда сақталуы өте жоғары болады.

Қант қызылшасы зертханасының ғылыми қызметкері, Phd докторы

 Мұсагоджаев Н. Т.

**Фото-отчет:**

